

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 8-45-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қыркүйекте № 6347-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2025 жылғы 7 ақпандағы № 33-176-VIII шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 07.02.2025 № 33-176-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Шардара аудандық мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

А. Карсыбаев

Шардара аудандық мәслихатының

2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 8-45-

VIII

шешіміне қосымша

Шардара ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысына сәйкес әзірленді және Түркістан облысы Шардара ауданында әлеуметтік көмек көрсетеу, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Әлеуметтік көмек Шардара ауданының аумағында тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетіледі.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеу, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Шардара ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

4) әлеуметтік көмек – Шардара ауданы әкімдігінің мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ мереке күндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

5) әлеуметтік көмек көрсетеу жөніндегі уәкілетті орган - Шардара ауданы әкімдігінің "Шардара аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тұра келетін үлесі;

8) участекомиссия - атаулы әлеуметтік көмек алуға немесе әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттең-қарау жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

9) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 3-тармақта өзгеріс енгізілді - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 27.09.2024 № 26-138-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органмен (бұдан әрі - ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - әлеуметтік көмек алушылар) мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек.

5. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет, жылына 1 рет) көрсетіледі.

2- тарау. Әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж алушылардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек келесі санаттағы азаматтарға бір рет көрсетіледі:

1) 8 Наурыз "Халықаралық әйелдер күніне" - көпбалалы аналарға, оның ішінде:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталғандарға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2) 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні:

Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі-КСР Одағы) Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасыларына 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі салдарынан немесе майданда болудына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі салдарынан не майданда болудына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына енбекен жұмысшылары мен қызметшілерге 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілерге 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1979 жылғы 1 желтоқсан – 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерге 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын құзетуді қүшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерге 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан

Республикасының әскери қызметшілерге 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабактағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарға 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35 жылдығына орай біржолғы 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

3) 9 мамыр - Женіс күні:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 1 000 000 теңге мөлшерінде;

майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткөрген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарға 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз

Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік өскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдарға 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдарға 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдарға 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комисариатының, Байланыс халық комисариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комисариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жарапануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарға 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдарға 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерді) атқару кезінде жарапануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан қаза болған (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын әрекет етушілердің, осы Заңын 4 – 6-баптарында аталған адамдардың отбасыларына 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныстың объектілік және авариялық командаларының өзін-өзі қорғау топтарының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларының қаза тапқан жұмысқерлерінің отбасыларына 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілерінің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасыларына 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасыларына 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

басылымдарға жазылу үшін - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар адамдарға, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, тыл ардагерлеріне және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

4) 6 шілде "Астана күніне" орай - Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлері, зейнеткерлер, аудан мектептеріндегі жетім және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан ұздік оқушыларды саяхаттауға Астана қаласына немесе Ұлытау облысына - бір адамға 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және Түркістан қаласына бір адамға 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) 30 тамыз – "Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне" орай:

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) 25 қазан – "Республика күніне" орай:

үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған жалғызлікті қарттарға, 80 жастан асқан қарттарға, жүріп-тұруы қын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, үйде оқып және тәрбиеленіп, әлеуметтік қызмет көрсетілетін мүгедектігі бар балалар мен психоневрологиялық ауруы бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға, абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етілген мүгедектігі бар адамдарға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) 16 желтоқсан – "Тәуелсіздік күні" мерекесіне орай:

саяси қуғын-сүргін құрбандарына және мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын, "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен акталған саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдарға 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ескерту. 7-тармақта өзгеріс енгізілді - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 28.02.2024 № 20-93-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамның (отбасының) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра бір рет 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен алпыс пайыздан аспайтын жанбасына шаққандағы орташа табысы бар аз қамтамасыз етілген отбасыларына, тек қана әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты іс-шараларға, жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (үй малын, құсын сатып алуға және т.б.), тұрғын үйін жөндеуге және жеке кәсіпкерлік қызметін үйымдастыруға (алдыңғы қарыздарды өтеуге арналған шығындардан басқа) бір рет 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) үйде оқып және тәрбиеленіп жатқан мүгедектігі бар балаларға - ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) адамның иммун тапшылығы вирусын (бұдан әрі АИТВ) медицина қызметкерлерінің кінәсінен жүқтყерған балаларға (ата-аналарына немесе өзге де занды өкілдеріне) және кәмелетке толған адамдарға әлеуметтік көмек ай сайын жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының занында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 есelenген мөлшерінде тағайындалады;

5) АИТВ-мен ауыратын адамдарға әлеуметтік көмек - бір рет 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) созылмалы бүйрек жетімсіздігі ауруына шалдықкан мұқтаж азаматтарға - бір рет 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) туберкулезбен ауыратын және амбулаториялық емдеудегі адамдарға әлеуметтік көмек - ай сайын 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) табиги зілзаланың немесе өрттің салдарынан өрт оқиғасы орын алған мекенжай бойынша азаматтарға (отбасыларға) қын жағдай туындаған сэттен бастап өтініш көрсету мерзімі үш айдан кешіктірілмей біржолғы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай бір рет 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасына бір рет 2500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Ескеरту. 8-тармақ өзгеріс енгізілді - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 28.02.2024 № 20-93-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер Улгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

10. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей , уәкілдемен ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

11. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Шардара ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүргізіледі.

12. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы алушылардың шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

13. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайтаруға жатады.

3-тaraу. Қорытынды ереже

14. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілдемен "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорларын пайдалана отырып жүргізеді.

Шардара аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
12 қыркүйектегі № 8-45-VIII
шешіміне қосымша

1) Шардара аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 38-249-VI "Шардара аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 маусымдағы № 4-35-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4924 болып тіркелген) шешімі;

2) Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 54-339-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5505 болып тіркелген) шешімі;

3) Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 61-374-VI "Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 54-339-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5714 болып тіркелген) шешімі;

4) Шардара аудандық мәслихатының 2022 жылғы 31 наурыздағы № 17-102-VII "Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 54-339-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқында қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27544 болып тіркелген) шешімі;

5) Шардара аудандық мәслихатының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 25-162-VII "Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 54-339-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқында Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31591 болып тіркелген) шешімі;

6) Шардара аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 3-17-VIII "Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 54-339-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқында Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6294-13 болып тіркелген) шешімі.